

«Айяна» жеке мектепке дейінгі білім беру мекемесі

Семинар тақырыбы:
**«Фонематикалық қабылдауды дамыту –
сөйлеудің кілті»**

Педагог-логопед: Укасова М.М.

2025-2026 оқу жылы

Практикалық сабақ жоспары
Тақырыбы: «Мнемотехника арқылы сөйлеуді белсендіру»

Мақсаты:

Балалардың есте сақтау, ойлау және байланыстырып сөйлеу қабілеттерін мнемотехника әдісі арқылы дамыту.

Міндеттері:

- Мнемокесте, мнемосызба арқылы сөздік қорды кеңейту
- Әңгіме құрау дағдыларын қалыптастыру
- Сөйлеу белсенділігін арттыру

Қатысушылар:

Мектепке дейінгі жастағы балалар (орта/ересек топ)

Сабақ барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі

- Балалармен амандасу
- Психологиялық дайындық («Жылы сөздер» ойыны)


2. Кіріспе бөлім

Мнемотехника туралы қысқаша түсіндіру

- «Мнемо» – есте сақтау
- Суреттер арқылы ақпаратты жеңіл қабылдау


3. Негізгі бөлім

1. Мнемокестемен жұмыс




Балалар суреттерге қарап сөйлем құрайды
Мысалы: «Қыз – гүл – су құю»

2. Мнемосызба арқылы әңгіме құрау



Белгілер арқылы оқиғаны ретімен айту
3. Өлеңді мнемосызба арқылы жаттау



р сөзге немесе жолға белгі беріледі
Балалар соған қарап қайталайды


4. «Өңгімені жалғастыр» ойыны

Бірінші бала бастайды, келесі бала жалғастырады

Мнемосызба көмек ретінде беріледі

4. Қорытынды бөлім

- Балалардың жауаптарын бағалау
- «Не үйрендік?» сұрағы
- Мадақтау



Анықтама

Тақырыбы: «Мнемотехника арқылы сөйлеуді белсендіру»

Қатысушылар: «Балбөбек» ересек тобы, «Күншуақ» мектеп алды тобы

Күні: 19.03.2026ж

Барысы:

Практикалық сабақ барысында мнемотехника әдісінің баланың сөйлеу тілін дамытудағы маңызы түсіндірілді. Мнемотехника – ақпаратты суреттер, белгілер, кестелер арқылы есте сақтауды жеңілдететін әдіс екені атап өтілді. Бұл әдіс балалардың сөздік қорын байытып, байланыстырып сөйлеу, ойлау және есте сақтау қабілеттерін дамытуға ықпал етеді.

Сабақта мнемокесте және мнемосызба арқылы жұмыс түрлері көрсетілді. Балалар суреттер мен шартты белгілерге сүйене отырып, сөйлем және шағын әңгіме құрастырып, өлеңдерді жеңіл меңгеруге дағдыланды. Сонымен қатар «Әңгімені жалғастыр» ойыны арқылы балалардың сөйлеу белсенділігі арттырылды.

Тәрбиешілерге мнемотехниканы күнделікті оқу іс-әрекетінде жүйелі түрде қолдану, тапсырмаларды қарапайымнан күрделіге қарай ұйымдастыру және әр баланың жеке ерекшелігін ескеру ұсынылды.

Қорытынды:

Мнемотехника әдісін қолдану балалардың сөйлеу белсенділігін арттырып, байланыстырып сөйлеу дағдыларын тиімді дамытуға мүмкіндік береді.

Педагог-логопед: Укасова М.М.